

"Өркен" мемлекеттік акционерлік компаниясын тарату туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 тамыз 1994 ж. N 969

"Өркен" мемлекеттік акционерлік компаниясын тарату туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 5 тамыздағы N 1825 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, "Өркен" мемлекеттік акционерлік компаниясын тарату туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 5 тамыздағы N 1825 Жарлығын іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

2. "Ақтас" акционерлік қоғамы (бұрынғы "Жезказганкварцсамоцветы" геологиялық-өндірістік кәсіпорыны) "Қазақмыс" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамына;

"Әсем тас" акционерлік қоғамы (бұрынғы "Қазминерал" геологиялық-өндірістік кәсіпорыны) "Намыс" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамына берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Өркен" мемлекеттік акционерлік компаниясы туралы" 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 899 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 38, 445-бап) мен "Өркен" мемлекеттік компаниясының президенті және Байқаушы кеңесі туралы" 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 826 қаулыларының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі